

«Наурыз - думан»

Авторлар: спецбіб

12.06.2023 16:34 - Жанартылған 13.06.2023 16:04

«Наурыз - думан»

(«Тагдырластар» клубынын

наурыздагы кездесуі)

20 наурыз күні Шымкент қалалық Арнайы кітапханада «Тагдырластар» клубынын кезекті басқосуы болып өтті. Бұл басқосу «Наурыз - думан» деген атаумен наурыз мерекесіне арналды. Мерекелік кешті Ербек Бакиев жүргізіп, қызықты ойындар ұйымдастырып, түрлі сұрақтар жасырды. Белсенділік танытқан барша жандар арнайы сыйлықтарға ие болды. Шымкент қаласы, Түркістан облысы, Алматы, Атырау, Қызылорда, сондай-ақ республиканың тағы басқа қалаларынан қонақтар келіп қатысып, ақ тілектерін арнап, мерекелік лебіздерін жолдады. Сонымен қатар наурыз айында туылған туган күн иелерінде құттықтап демеушілік танытқан Қазак загіптар қоғамынын Шымкент қалалық филиал торағасы Ербол Өділбеков ізгі тілегін арнады. Дадаева Зебо, Каттабекова Гүлсара, Өліева Айдана, Талиев Алладин асқактатып мерекелік әндерден шашу шашса, Лаура Жұмабай жырдан олен оқыды. Қатысушыларға сыйлықтар табыс етілді. Кеш көнілді түйінделіп, естелік суретке түсіп, ерекше әсермен тарасты.



«Наурыз - думан»

Авторлар: спецбпб

12.06.2023 16:34 - Жанартылган 13.06.2023 16:04

